

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 27 шілде N 1027. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.15. N 1111 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 мамырдағы N 633 P950633_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 27 шілдедегі
N 1027 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі
комитет туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) шетел инвестицияларын, кредиттерін, техникалық және қаржылық көмектерін тарту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асырушы, осы салада мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға жауапты атқару өкіметінің орталық органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің актілерін, халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында шетел капиталын пайдаланудың басым бағыттарын айқындау (Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің ұсынысы бойынша);

Шетел капиталын тартудың (ағымдағы және перспективалық) көлемі, сыртқы берешектік лимиті және Қазақстан Республикасының кепілдік лимиттері бойынша ұсыныстар әзірлеу (Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ұсыныстары бойынша);

Қазақстан Республикасына шетел капиталын тарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқару өкіметі мен шаруашылық жүргізуші объектілерінің өзара іс - қимылын үйлестіру және шетел капиталын тарту саласында олардың қызметін мемлекеттік реттеу;

шетел капиталын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды талдау және жүзеге асыру.

4. Негізгі міндеттеріне орай Комитет:

Қазақстан Республикасына шетел инвестициялары мен кредиттерін, сыртқы техникалық және қаржылық көмекті тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады;

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ұсыныстарының негізінде шетел капиталын тартудың көлемі, сыртқы берешектіктің лимиттері мен Қазақстан Республикасының кепілдіктері бойынша ұсыныс әзірлеп, оны Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді;

нақты салалар мен елдің аймақтары бойынша нысаналы инвестициялық бағдармалардың жобаларын жасауға қатысады;

шетел инвестициялары, кредиттері, қаржылық және техникалық көмек желілері бойынша қаржыландыруға ұсынылатын жобалардың тізбесін ұсынады;

баға береді және капитал рыногына сараптық қортындылар мен талдау жасау негізінде шетел капиталының есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық бағдармалар мен жобаларды сұрыптайды, сөйтіп оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді;

Қазақстан Республикасына шетел капиталын тарту жөніндегі келіссөздер жүргізуді ұйымдастырады және оларға қатысады;

нормативтік база жасайды, шетел капиталын тартып қаржыландыратын халық шаруашылықтық маңызы бар минералдық ресурстардың кен орындарын барлау және игеру, объектілер мен ғимараттардың құрлысы мен қайта жаңарту жұмыстарын жүзеге асыру жөнінде құқық беру бойынша халықаралық тендерлер өткізу мен жұмыстарды ұйымдастыруға бақылау жасап, оларға қатысады;

сыртқы қаржы және техникалық көмек шеңберінде тауарлар мен қызмет көрсетулер сатып алу жөнінде халықаралық тендерлер өткізуге жәрдемдеседі және өткізеді, тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуды үйлестіреді, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдар мен донор-елдердің қағидалары сақталуына арналған тендерлік ұсыныстарға баға берудің барысын б а й қ а й д ы ;

шетел капиталын тарту және пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының атқарушы өкіметінің орталық және жергілікті органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің жұмыстарын үйлестіреді;

Қаржы министрлігімен және тиісті банктермен бірлесіп шетел капиталының пайдалануына бақылау ұйымдастырады;

шетел капиталын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі істің жай-күйі мен қабылданған шараларға талдау жүргізіп, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетін хабардар етеді;

іс жүзіндегі заңдардың қолданылу практикасына талдау жасап, шетел капиталын тарту және тиімді пайдалану саласында заңдар мен нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді;

шетел инвесторлары мен кәсіпорындарында олардың өздерінің қатысуымен Қазақстан Республикасында жобаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ әлеуетті инвесторларды іздеуде Қазақстанның басқару органдары мен кәсіпорындарына жәрдем береді, оларға ақпараттық, консультациялық және өзге де қызметтер к ө р с е т е д і ;

министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің тұтынушыларын талдау негізінде сыртқы техникалық және қаржы көмегінің бағытын айқындайды;

халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдарды, донор-елдердің тиісті ұйымдарын техникалық және қаржы көмегіне сұраныстар туралы хабардар етеді, олармен қаржы және техникалық көмектің нақты бағыттары мен нысандарын к е л і с е д і ;

шетелдің қаржы және техникалық көмек мәселелері бойынша министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен, донор-елдердің тиісті ұйымдарымен өзара іс-қимылы жөніндегі жұмысты ү й л е с т і р е д і ;

шетел инвестициялары мен кредиттерін тартуға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік басқару органдарымен, мемлекеттік кәсіпорындармен және акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың шетелдік және қазақстандық консультанттарымен (занды және жеке тұлғалармен) жасаған к о н т р а к т і л е р і н к е л і с е д і ;

халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдар мен донор-елдер қаржыландыратын осы қаражатты пайдалану бағыттарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен негізінде министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін кадрлар даярлау бағдарламасын, семинарлар, конференциялар мен басқа да шараларды ұйымдастырып, оларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

3. Комитеттің өкілеттігі

5. Өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін Комитетке: өз құзыры шегінде министрліктердің, ведомстволардың, өкіметтің жергілікті атқару органдары, мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті нормативтік құжаттар мен басқа да шешімдер қабылдау;

Комитеттің құзырына кіретін мәселелер ауқымы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына Министрлер Кабинеті шешімдерінің ж о б а с ы н е н г і з у ;

қолданып жүрген заңдарды талдау және оларды қолдану практикасының негізінде шетел капиталын тарту және оны тиімді пайдалану саласында заңдар мен нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізу:

шетел инвестициялары мен кредиттерін тарту арқылы жүзеге асырылатын жобалар мен бағдармаларға сараптама жүргізуді ұйымдастыру, осы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың және Қазақстан Республикасының кепілдіктерін берудің орындылығы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс дайындау;

Комитеттің құзырына кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті шешімдерінің орындалуын бақылау мен тексеруді жүзеге а с ы р у ;

шетел инвестицияларының, кредиттерінің, қаржылық және техникалық көмегінің есебінен қаржыландыратын жобалардың іске асырудың тиімділігіне мемлекеттік б а қ ы л а у ж а с а у ;

тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу, минералды ресурстардың кен орындарын барлау мен игеру, шетел капиталын тарту арқылы қаржыландырылатын халық шаруашылықтық маңызы бар объектілердің

құрылысы мен қайта жаңарту құқын беру жөнінде әдістемелік көмек көрсетіп, тендерлер өткізу. Қағидалар (ережелер) бұзылған жағдайда тендер комиссиясы баға берген нәтижелерінің күшін жою және қайта бағалап өткізу немесе қайта тендер өткізу тағайындау;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсырмасымен инвестициялық ынтымақтастық, шетел кредиті мен сыртқы көмек алу саласында халықаралық деңгейде республика мүдесін білдіру;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсырмасымен шетел капиталын тарту, қаржылық және техникалық көмектің жалпы бағыттары мен көлемдері жөніндегі келісімдерге қол қою;

халықаралық қаржы ұйымдарымен және донор-елдермен займдар туралы, шетел инвестицияларын қолдау және өзара қорғау туралы келісімдерді бекіту жөнінде ұсыныс әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізу;

шетел инвестициялары, кредиттері, қаржылық және техникалық көмек саласында шетел мемлекеттері мен халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдарымен Қазақстан Республикасының экономикалық ынтымақтастық мәселелерін келісуге қатысу;

займдар мен кредиттер туралы келісімдерді, жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді қоса алғанда қажетті материалдарды, жобаларды жүзеге асыру жөнінде есептерді, тендерлік құжаттаманы, ведомстволық актілерді және басқа да қажетті ақпаратты, оның ішінде шетел капиталын тарту және пайдалану мәселелері бойынша министрліктерден, ведомстволардан, жергілікті әкімдерден, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден анықтамалық деректерді сұрау, алу және сақтау;

еркін экономикалық және айрықша салықтық, валюталық, кедендік, инвестициялық және өзге режимдегі басқа да аумақтық аймақтар құру жөнінде техникалық-экономикалық негіздемелер мен нормативтік құжаттарды келісуге қатысу;

ақпараттық және өзге де қызметтер көрсетуден алынған қаражатты, комитеттің материалдық-техникалық базасын қаржыландыру үшін сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен белгіленген тәртіпте арнаулы мақсаттарға пайдалану құқы беріледі.

4. Комитет қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

6. Комитетті төраға басқарады, оның үш орынбасары, мұның ішінде бірінші орынбасары болады.

Комитет төрағасын Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, ал оның орынбасарларын

Қазақстан Республикасының Президенті, ол оның орынбасарларының Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Төраға орынбасарларының арысындағы міндеттерді Комитет төрағасы бөледі

7. Комитет төрағасы Комитетке жүктелген функциялардың орындалуы үшін жеке жауап береді, төраға орынбасарлары мен Комитет аппараты құрылымдық бөлімшелері басшыларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

8. Комитетте құрамы 11 адамнан тұратын алқа құрылады, оған Комитет төрағасы (алқа төрағасы) лауазымдары бойынша оның орынбасарлары, Комитеттің басшы қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік банктердің өкілдері кіреді.

Алқа құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

9. Комитет аппараты қызметкерлерінің санын және еңбекақы қорын қоса алғанда, оны ұстауға жұмсалатын қаражат мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

10. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гербі бейнеленген мөрі мен өз атауы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған фирмалық белгісі, банктерде валюталығын қоса алғанда е с е п ш о т ы б о л а д ы .

Комитеттің мекен-жайы - Алматы қаласы.